

TP-Link Archer C20 роутерінің микробағдарламасын жаңарту нұсқауы

Жалпы әрекеттерде жарияланған нұсқаудың 1 – 3-қадамдарын орындаңыз.


1-қадам. Қосу.




1. Энергиямен жабдықтау 220 V
2. WAN порты
3. Құрылғыларды қосуға арналған LAN-порты

2-қадам. Микробағдарлама:


Роутердің бұл түріне beeline.kz ресми сайтынан микробағдарламаның 2 файлын жүктеу керек: **Өтпелі және Негізгі**
Микробағдарлама файлын ДК/ноутбукке жүктеп, мекенжай жолында **192.168.0.1** мекенжайын жазған соң, роутеріңіздің интерфейсіне кіретін бет ашылады. Интерфейске кіретін кілт сөзді жазып (өздігінен берілген кілт сөз: admin), «Кіру» пернесін басыңыз.




2.1-қадам. «Кіру» пернесін басып, роутердің негізгі баптаулар экранына өтесіз. «Қосымша баптаулар» пернесін басыңыз:



Қадам 2.2 Интерфейстің бүйірдегі панелінен «Жүйе құралдары» бабын таңдап, төменде ашылған терезеден «Кіріктірілген БЖ жаңарту» бабын таңдаңыз:



Ары қарай, роутеріңіздің микробағдарлама парағы ашылады



3-қадам. Микробағдарламаны орнату:

Микробағдарламаны төмендегі тәртіппен орнатыңыз:

1.Өтпелі

2.Негізгі

Ол үшін микробағдарлама парағында «Шолу» пернесін басып, бұрын жүктелген микробағдарлама файлы (Өтпелі) таңдау керек, файл таңдалған соң, жаңарту пернесін басамыз. Ары қарай, микробағдарламаны «Өтпелі» мәртебесіне дейін жаңарту үдерісі басталады.

Роутерге «Өтпелі» микробағдарлама орнатылған соң, «Негізгі» микробағдарламаны орнату қажет. Ол үшін нұсқаудың басына қайтып, барлық кезеңді қайта өту керек, тек соңғы кезеңде микробағдарламаны таңдағанда, «Негізгі» микробағдарлама таңдалуы тиіс.